

## Каспий теңізінің Қазақстандық жағалауы 2026 ж. сәуір үшін ай сайынғы гидрометеорологиялық шолу.

Барлық ағымдағы деректер "Қазгидромет" РМК мониторингінің өңделмеген (жедел) деректері болып табылады.

Сәуір айында желкөтерме-желшегерме құбылысының 9 жағдайы байқалды. Пешной деңгейдің төмендеуі 36 см (минус 29.08 м-ден минус 29.72 м-ге дейін) жетті.

### Теңіз деңгейі.

Максимум Иголкинская банка бекетінде – 234 см, ал минимум Құрық бекетінде – минус 194 см болып тіркелді. Орташа деңгей минус 114 см немесе БЖ бойынша минус 29.14 м болды.

Кесте 1 . Теңіз деңгейінің сипаттамалары.

| Бақылау пункті    | Орташа деңгей | Максималды деңгей | Бақылау уақыты | Минималды деңгей | Бақылау уақыты |
|-------------------|---------------|-------------------|----------------|------------------|----------------|
| Иголкинская банка | 184           | 234               | 01.04.2025     | 163              | 03.04.2025     |
| Жанбай            |               |                   |                |                  |                |
| Пешной            | -105          | -72               | 26.04.2025     | -116             | 23.01.2025     |
| Құлалы аралы      | -166          | -163              | 01.04.2025     | -174             | 11.04.2025     |
| Форт-Шевченко     | -159          | -150              | 01.04.2025     | -170             | 08.04.2025     |
| Саура             | -156          | -140              | 19.04.2025     | -167             | 09.04.2025     |
| Құрық             | -183          | -164              | 23.04.2025     | -194             | 03.04.2025     |
| Ақтау             | -160          | -151              | 24.04.2025     | -181             | 16.04.2025     |
| Песчаный          | -156          | -153              | 15.04.2025     | -159             | 03.04.2025     |
| Фетисово          | -125          | -105              | 15.04.2025     | -140             | 05.04.2025     |

Ескертпе: ТГБ Жанбай деректері толық емес

### Су температурасы.

Сәуір айындағы судың орташа температурасы 12.1°C шамасында, ауытқуы минус 2.8°C-тан (Пешной) 21.2°C-қа дейін (Құрық) болды.

### Ауа температурасы.


Сәуір айының орташа ауа температурасы шамамен 12.4°C болды. Ең жоғары ауа температурасы Құрық ауданында 26.0°C-ға жетті. Ең төменгі ауа температурасы Пешной теңіз станциясы ауданында минус 3.2°C болды.

06.05.2026

Каспий теңізін гидрометеорологиялық зерттеулер басқармасы Ғылыми-зерттеу орталығы

7 (7172) 79 83 12  
[ugmikm@meteo.kz](mailto:ugmikm@meteo.kz)

Астана қ.,  
 Мәңгілік Ел 11/1  
 7 (7172) 79-83-32  
[info@meteo.kz](mailto:info@meteo.kz)  
[www.kazhydromet.kz](http://www.kazhydromet.kz)



Сур.1. Орташа теңіз деңгейі, см



Сур.2. Су температурасы, °C

### Желдің жылдамдығы мен бағыты.

Сәуір айында Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінде желдің орташа жылдамдығы шамамен 5.0 м/с, максималды жылдамдығы 18 м/с жетті (ТБ Пешной).

Сәуір айында желдің басым бағыты солтүстік (15.5%), солтүстік-батыс (14.7%), оңтүстік-шығыс (11.4%) болды.